



**БҮЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

№ \_\_\_\_\_

от «\_\_\_» 202\_\_ года

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

08.04.2020-ғы № 135 шығыс хаты

**COVID-19 коронавирустық инфекция кезеңінде  
қашықтықтан білім беру технологияларына  
оқу процесін көшіру кезінде  
білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі  
қосымша шаралар туралы**

Дүниежүзілік деңсаулық сақтау ұйымы жариялаған COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы (бұдан әрі – пандемия) кезеңінде қашықтықтан білім технологияларына оқу процесін көшіру кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 12 наурыздағы №20 қауалысының негізінде, Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 16 наурыздағы № 1 және 2020 жылғы 17 наурыздағы № 2 хаттамаларын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН**:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті және оның аумақтық департаменттері пандемия кезеңінде:

1) рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін жүргізілетін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне рұқсаттық бақылау жүргізуі тоқтатсын;

2) білім басқармаларынан және білім беру ұйымдарынан қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру жөніндегі есептілікті не ақпаратты талап етуге тыйым салсын;

3) заңнамада көзделмеген есептілік пен ақпаратты талап ету бөлігінде «Педагог мәртебесі туралы» Заңын талаптарын бұзатын, сондай-ақ педагогтердің өзге де құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын білім беруді басқару органдарының, білім беру ұйымдарының басшыларына қатысты заңнамада көзделген барлық шараларды қолдансын.

2. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары (келісім бойынша), аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері (келісім бойынша):

1) білім беру үйымдарынан, педагогтерден қашықтықтан оқытуды үйымдастыру мәселелері бойынша есептілікті не ақпаратты талап етуге тыйым салсын;

2) білім беру үйымдарына бара отырып, түрлі тексеру (мониторингтік) іс-шараларын өткізуді тоқтатсын;

3) педагогтерден есеп пен ақпаратты талап етудің заңсыз практикасын тоқтату үшін білім беру үйымдарының басшыларымен түсіндіру және өзге де жұмыстар жүргізсін;

4) қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесіне ауыртпалықсыз және тиімді көшу мақсатында білім беру үйымдарына барынша көмек көрсету және педагогтердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етсін;

5) қашықтықтан білім беру технологияларына оқу процесіне көшіру кезінде пайда болған проблемаларға дереу ден қойын, қажеттілігіне қарай Білім және ғылым министрлігі немесе жергілікті атқарушы органдар алдында олардың деңгейінде шұғыл шешуді талап ететін мәселелерге бастамашылық жасасын.

3. Қоса беріліп отырған Қашықтықтан оқытуды үйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариновага жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Министр**

**А. Аймагамбетов**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы «\_\_\_\_\_»  
бұйрығына қосымша

## Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсныымдар

### **1. Қашықтықтан оқытуды қалай ұйымдастыруға болады**

1. Қашықтықтан оқыту форматын таңдау:

- телесабактар арқылы;
- интернет-платформаларды пайдалану;
- пошта арқылы немесе қолма-қол қағаз тасымалдаушылармен жіберу.

2. Білім алушылар мен олардың ата-аналарын:

• қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыру барлық мектеп үшін қатаң бекітілген дәстүрлі кесте бойынша емес, икемді, жеке кесте бойынша өтетіні;

• мектептің оқу жұмыс жоспарына сәйкес әр күн сайын қанша оқу пәні оқылатыны (мұндайда пәндер бойынша сабак уақыты барлық сыныптар үшін көрсетілмейді);

• бір пән бойынша сабақтың ұзақтығы көрсетілмейтіні және оның білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне және тапсырмаларды орындаудың болатыны;

• «ELARNA», «БАЛАПАН» телерналарынан телесабактардың көрсетілетіні (kestе);

• телесабактарды кез келген ыңғайлы уақытта BilimLand платформаларынан, youtube-арналарынан қайта көруге болатыны;

• қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін интернет ресурстарының – BilimLand, Kundelik.Kz, Daryn.online, MicrosoftTEAMS, GoogleClassRoom мүмкіндіктері;

• бір күн ішінде білім алушыларды оқытудың жеке кестесі;

• әр күнге оқу тапсырмасын алу әдістері мен құралдары және оларды білім алушыға ыңғайлы уақытта орындау;

• электрондық журналдар немесе мұғалім белгілеген басқа да қолжетімді байланыс түрлері, оның ішінде мессенджерлер арқылы кері байланысты орнату;

• электронды күнделікке сабакқа қатысу туралы ақпарат енгізілмейтіндігі;

• қашықтықтан өткізілетін сабактар ата-аналардың қолдауын және қатысуын, білім алушының тапсырмаларды өздігінен орындаудын талап ететіні туралы хабардар ету.

3. Мектептің оқу жұмыс жоспарына сәйкес төртінші тоқсанның барлық оқу пәндері бойынша сабақтар 100% өткізіледі («Дене шынықтыру», «Көркем еңбек» және т. б.).

4. Сабақтарды қашықтықтан өткізу кезеңінде жұмысты ұйымдастыруда төмендегіні ескеру қажет:

- ата-аналардан білім алушылардың тапсырмаларды орындаудын фото, бейне арқылы растаудын талап етуге болмайды;
- электрондық журналдарды толтыру қажет болған жағдайда жүргізіледі;
- қашықтықтан оқытуға қатысты мұғалімдерден есептердің қосымша түрлерін толтыруы және тапсыруы талап етілмейді;
- білім алушыларға арналған оқу тапсырмаларының көлемі КР БФМ ұсынған көлемдерден аспауды тиіс;
- білім беру процесіне қатысуышылардың психоэмоционалдық жағдайын ескеру қажет.

5. Педагогикалық қызметті қашықтықтан оқытудың қолайлы, қолжетімді және ыңғайлы форматын ескере отырып ұйымдастыру.

## **2. Телесабак форматын (аудио-сабақ) қолдану**

6. Телесабак форматын қолданған уақытта (аудио-сабақ):

- Сабақ жоспары негізінде телесабақтарды міндettі түрде қарауды ұсыну;
- білім алушыларға телесабақтарды көргеннен кейін өз бетінше оқу/орындау үшін тапсырмалар беру, қолжетімді платформалар мен арналардағы цифрлық білім беру ресурстарына сілтемелер беру (техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда);
- электрондық журналдар жүйесінде электрондық пошта, WhatsApp, өзге де мессенджерлер арқылы өздігінен орындауға тапсырма беру;
- kundelik.kz электрондық журналы, bilimal.kz, mektep.edu.kz жүйелері арқылы, электрондық журналдар болмаған жағдайда – педагогтің қалауды бойынша байланыстың қолжетімді түрлері арқылы кері байланысты жүзеге асыру (кері байланысты ұсыну кезеңділігін мұғалім өзі анықтайды).

7. ТД-сабақтар туралы ақпарат:

- «Balapan» телеарнасы (аудиосабақтар «Қазақ радиосында» қосымша берілетін болады) – қазақ тілінде білім алушылар үшін/сабақ кестесі - <https://balapan.kaztrk.kz/ru/program>;
- «ELARNA» телеарнасы (аудиосабақтар «Радио Классик» арқылы қосымша берілетін болады) - орыс тілінде білім алушылар үшін/ сабақ кестесі - <https://elarna.kz/ru/programma>;
- ТД-телесабақтар кейбір аймақтарда жергілікті аймақтық каналдар арқылы көрсетіледі;
- ТД-телесабақтар (аудиосабақтар) 1-11 (12) сыныптардың оқу пәндері бойынша әр сабақ 10 минуттан аптасына 5 күн жүргізіледі.

8. ТД-сабақтың күрылымы:

- мұғалімнің жаңа оқу материалының бейне-түсіндіруі (6 минут);
- экрандағы сабакты бекітуге арналған ірі қаріппен 2-3 сұрақ (1 минут);
- экрандағы сабакты бекітуге арналған ірі қаріппен 2-3 тапсырма (1 мин);
- тақырып бойынша 1-2 қосымша цифрлық ресурс (1 минут);
- өздігінен оқуға арналған қосымша ресурстарға сілтемелер (1 минут).

9. Теледидардан көрсету үшін белгіленген пәндер тізімі:

Теледидардан көрсетілетін пәндердің тізімі:

1-сынып:

оқыту қазақ тілінде – 7 пән (Саят ашу, Математика, Жаратылыстану, Дүниетану, Ағылшын тілі, Орыс тілі, Өзін-өзі тану);

оқыту орыс тілінде – 7 пән (Обучение грамоте, Математика, Естествознание, Познание мира, Английский язык, Казахский язык, Самопознание).

2-сынып:

оқыту қазақ тілінде – 7 пән (Қазақ тілі, Математика, Жаратылыстану, Дүниетану, Орыс тілі, Ағылшын тілі, Өзін-өзі тану);

оқыту орыс тілінде – 7 пән (Русский язык, Математика, Естествознание, Познание мира, Қазақ тілі, Английский язык, Самопознание).

3-сынып:

оқыту қазақ тілінде – 8 пән (Қазақ тілі, Математика, Жаратылыстану, Дүниетану, Орыс тілі, Ағылшын тілі, АКТ, Өзін-өзі тану);

оқыту орыс тілінде – 8 пән (Русский язык, Математика, Естествознание, Познание мира, Қазақ тілі, Английский язык, ИКТ, Самопознание).

4-сынып:

оқыту қазақ тілінде – 8 пән (Қазақ тілі, Математика, Жаратылыстану, Дүниетану, Орыс тілі, Ағылшын тілі, АКТ, Өзін-өзі тану);

оқыту орыс тілінде – 8 пән (Русский язык, Математика, Естествознание, Познание мира, Қазақ тілі, Английский язык, ИКТ, Самопознание).

5-сынып:

оқыту қазақ тілінде – 10 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Математика, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Жаратылыстану, Орыс тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі, Информатика, Өзін-өзі тану);

оқыту орыс тілінде – 10 пән (Русский язык, Русская литература, Математика, История Казахстана, Всемирная история, Естествознание, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика, Самопознание).

6-сынып:

оқыту қазақ тілінде – 10 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Математика, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Жаратылыстану, Орыс тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі, Информатика, Өзін-өзі тану);

оқыту орыс тілінде – 10 пән (Русский язык, Русская литература, Математика, История Казахстана, Всемирная история, Естествознание, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика, Самопознание).

7-сынып:

оқыту қазақ тілінде – 14 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, География, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі, Информатика, Өзін-өзі тану)

оқыту орыс тілінде – 14 пән (Русский язык, Русская литература, Алгебра, Геометрия, История Казахстана, Всемирная история, География, Физика, Химия, Биология, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика, Самопознание).

**8-сынып:**

оқыту қазақ тілінде – 14 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, География, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі, Информатика, Өзін-өзі тану);

оқыту орыс тілінде – 14 пән(Русский язык, Русская литература, Алгебра, Геометрия, История Казахстана, Всемирная история, География, Физика, Химия, Биология, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика, Самопознание).

**9-сынып:**

оқыту қазақ тілінде – 14 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, География, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі, Информатика, Өзін-өзі тану);

оқыту орыс тілінде – 14 пән (Русский язык, Русская литература, Алгебра, Геометрия, История Казахстана, Всемирная история, География, Физика, Химия, Биология, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика, Самопознание).

**10-сынып:**

оқыту қазақ тілінде – 14 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра және анализ бастамалары, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, География, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі, Информатика, Өзін-өзі тану);

оқыту орыс тілінде – 14 пән (Русский язык, Русская литература, Алгебра и начала анализа, Геометрия, История Казахстана, Всемирная история, География, Физика, Химия, Биология, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика, Самопознание).

**11-сынып:**

оқыту қазақ тілінде – 14 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра және анализ бастамалары, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, География, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі, Орыс әдебиеті, Ағылшын тілі, Информатика, Өзін-өзі тану );

оқыту орыс тілінде – 14пән (Русский язык, Русская литература, Алгебра и начала анализа, Геометрия, История Казахстана, Всемирная история, География, Физика, Химия, Биология, Казахский язык, Казахская литература, Английский язык, Информатика, Самопознание).

10. ТД-да көрсетілетін тізімге енбекен оқу пәндерін (музыка, көркем еңбек, дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық) мұғалімдерге жеке қашықтықтан оқыту үшін ұсынылады.

### **3. Интернет-платформалар арқылы сабактарды жүргізу**

11. Сабак жоспарының негізінде педагог білім алушыларға өздігінен оқу/орындау үшін оқулықтан оқу материалы мен тапсырмаларды ұсынады. Сонымен қатар, интернет-платформаларда орналастырылған сабактарды, қолжетімді сандық білім беру ресурстарын пайдалануды ұсынады.

Ұсынылатын интернет- платформалар:

- BilimLand;
- Kyndelik. Kz;
- Darin online.

Цифрлық білім беру ресурстары:

- Mekter.OnLine;
- QaradomalakStudio;
- Opiq.kz;
- Microsoft TEAMS;
- GoogleClassRoom.

Бұл интернет-платформалар оқу процесін онлайн режимде ұйымдастыруға арналмаған.

Өздігінен орындауға арналған оқу тапсырмасын электрондық журналдар жүйесінде, интернет-платформада, электрондық пошта, WhatsApp, басқа мессенджерлер арқылы ұсынуға болады.

Кері байланысты kundelik.kz, bilimal.kz, mekter.edu.kz арқылы, электрондық журналдар болмаған жағдайда мұғалімнің қалауы бойынша байланыстың қолжетімді түрлері арқылы жүзеге асыру ұсынылады (мұғалім кері байланысты ұсыну кезеңділігін өз бетінше анықтайды).

12.Контентті әзірлеу және қашықтықтан сабак өткізу алгоритмі:

Бірінші. Сабактың тақырыбы мен түрін анықтау (жаңа тақырыпты зерделеу, қайталау, терендету, бақылау және т.б.).

Екінші. Сабактың ұйымдастыру моделін пысықтау

Үшінші. Оқу құралдарының тізбесін анықтау:

Төртінші. Білім алушыға оқу материалдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету: электрондық пошта;

WhatsApp, Telegram және т.б. мессенджерлер мен әлеуметтік желілердегі топтық/жеке чаттар («Қашықтан оқу, сыныбы, литері»; оның Whatsapp-та оның барлық қатысушылары үшін жұмыс істеу ережелерін белгілеу);

Бесінші. Әр түрлі ақпараттық оқыту материалдарын пайдалану (мәтіндік, презентациялар, графикалық, медиа, суреттер, инфорграфика және т. б.).

Алтыншы. Сабакты ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін қолдану (ішінара-іздеу, материалдың проблемалық тұсын түсіндірудің эвристикалық әдісі, зерттеу және т.б.).

Жетінші. Білім алушыларға мұғалімнің бейне сабағын (егер ол бұрын жазылған болса) кез келген уақытта қарауға мүмкіндік беру (оффлайн режимі).

Сегізінші. Білім алушыларға:

- барлық білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескеру;

- шығармашылық (жазба жазу, кейіпкердің сипаттамасы, кітапқа аннотация және т. б.), жобалау жұмыстарды, зерттеу және т. б.;
- әлеуметтік желі чатында, поштада топпен хат алысуда білім алушылардың топтық жұмыстарды (рөлдерді бөлу);
- дидактикалық принциптерге сәйкес оқу материалын және үй тапсырмасын эстетикалық жағынан да оқылуы бойынша да сапалы дайындауын;
- ЦБР -ының сілтемелерін көрсете отырып, өздігінен оқу және орындау үшін үй тапсырмасын беру.

Тоғызыншы. Білім алушылармен кері байланысты ұйымдастыру:

- окушылардың орындаған жұмыстарының нәтижелерін қабылдау;
- орындалған тапсырмаға талдау жүргізу;
- пікір жазу және ұсыныстар беру;
- білім алушыны тексеру нәтижелерімен таныстыру;
- окушылар үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жеке консультациялар өткізу;

13.Кері байланыс:

- электрондық журналдар, интернет-платформалар;
- электрондық пошта;
- whatsapp, telegram мессендjerері және т. б.;
- ұялы және стационарлық телефон байланысы;
- пошта байланысы арқылы жүзеге асырылады.

#### **4. Интернет байланысы болмаған жағдайда оқу материалдарын қазпошта арқылы жіберу**

14.Білім алушылар үшін қағаз-тасығышта:

- сынып атауын, пән атауын, сабак тақырыбын, оқулық бетін көрсету,
- тақырып бойынша қысқаша конспект жазу,
- өздігінен бекіту және орындау үшін оқулықтан сұрақтар тізімін белгілеу,
- тақырып бойынша қосымша материалдар ұсыну және кері байланыс механизмі жіберіледі.

15.Штаттық режимде:

- балалардың саны 5-тен 80-ге дейін жететін және алыс оқшауланған елді мекендерде орналасқан мектептерде;
- санитарлық қауіпсіздік шаралары қатаң сақталған жағдайларында (кварцтау, желдету, ауысыммен оқыту және т. б.);
- карантин және коронавирустың тіркелмеген жағдайларында;
- денсаулық сақтау ұйымдарымен келісе отырып жергілікті атқарушы ұйымның шешімі бойынша **ОҚЫТУ МҮМКІН**.

## 5. Білім алушының болжамды күн тәртібі

16. Болжамды күн тәртібі:

- Оку пәндері материалдар мен оқу тапсырмаларын қарау (әркім уақытын өзі анықтайды).
- Білім алушы сынып жетекшісімен байланыста болады (қажетті жағдайда).
- Оқушы алған тапсырмаларды өзіне ыңғайлы уақытта орындауды және орында болған соң мұғалімдерге жібереді.
- Кез келген қолжетімді режимде мұғаліммен бірге жұмыс істейді немесе туындаған сұрақтарын жазады.
- Келесі күнді жоспарлайды.

## 6. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды қалай үйимдастыру керек

17. Төртінші тоқсанда мұғалім бөлім бойынша жиынтық бағалауды 1 рет өткізеді (4-8 мамыр):

• Жиынтық бағалау өткізу барысында «Білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығына сәйкес келесідей талаптарды басшылыққа алады: 14,14.1-14.3,14.5,14.7,14.8,15-18,21-26,29-т.

• «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Қоғам және дін» пәндері бойынша жиынтық бағалауды өткізбейді.

• Жиынтық бағалау жұмысының нақты күнін көрсетеді.

Төртінші тоқсанда мұғалім тоқсан бойынша жиынтық бағалауды 1 рет тоқсанның соңында өткізеді (18-22 мамыр):

**НАЗАР аударыңыз!**

1-10 сыныптардағы жиынтық жұмыстардың саны
бөлім бойынша жиынтық бағалау – 1
тоқсан бойынша жиынтық бағалау – 1
11 сыныптағы бақылау жұмыстарның саны
өзіндік жұмыс - 1
бақылау жұмысы – 1
Жиынтық жұмыстарды жүргізу мерзімдері
бөлім бойынша жиынтық бағалау
өзіндік жұмыс
тоқсан бойынша жиынтық бағалау
бақылау жұмысы

**2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ 4 – ТОҚСАНЫНДАҒЫ ОҚУ  
ПӘНДЕРІНІҢ, БЖБ, ТЖБ САНЫ**

<b>Сынып</b>	<b>Саны</b>	<b>Пәндер</b>	<b>БЖБ</b>	<b>ТЖБ</b>
1	10	6	4	
2	11	7	5	
3	12	7	5	
4	12	7	5	
5	13	9	7	
6	13	9	7	
7	16	13	11	
8	16	13	11	
9	17	14	11	
10	15	12	11	
11	17	14 бақылау / зертханалық жұмыс		

## **7. Білім беру процесіне қатысушылардың қызметі**

18. Мектеп директоры:

- қашықтықтан оқыту процесін, оның ішінде техникалық жағдайды үйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- жұмыс сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдайды;
- қажеттілігіне қарай педагогтармен, білім алушылар және олардың ата-аналарымен (занды өкілдерімен) кері байланысты жүзеге асырады;
- Интернет желісіне және байланыс құралдарына мүмкіндігі жоқ білім алушыларға оку тапсырмаларын жеткізуіді және орындалған жұмыстарын жинауды үйымдастырады;
- жеке қорғаныс құралдарын пайдалану жөніндегі талаптар қатаң сақтауды қамтамасыз етеді;
- көзделмеген есептік құжаттарды сұратуға жол берілмейді.

19. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары:

- Үлгілік оку жоспарына сәйкес әр пән бойынша сағат санын жұмыс педагогтарға хабарлайды;
- пән мұғалімдерімен бірлесе отырып білім алушылардың қашықтықтан оку қызметін үйымдастыруды анықтайды: оқытудың әдістері мен тәсілдерін, білім алушылардың тапсырмаларды алу мерзімдерін және олардың орындалған жұмыстарын ұсынады;
- оқыту процесінің барлық қатысушыларын (педагогтарды, білім алушыларды, білім алушылардың ата-аналарын (занды өкілдерін), өзге де қызметкерлерді) қашықтықтан жұмысты үйымдастыру туралы хабардар етуді жүзеге асырады;

- оқыту процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады;

• қажеттілігіне қарай қашықтықтан оқыту процесіне қатысушылармен кері байланысты жүзеге асырады;

- педагогтердің оқу жүктемесін орындау бойынша жұмысты үйлестіреді.

20. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-ұйымдастырушы:

• ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, тәрбиелік іс-шаралар үшін контент әзірлейді;

• іс-шараларды қашықтықтан өткізеді (әлеуметтік желілер, мектеп сайты және т. б.);

• әлеуметтік желілерде өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты мектеп сайтында орналастырады;

- сынып жетекшілерінің жұмысын үйлестіреді.

21. Пән мұғалімі:

• электрондық журналдар мен күнделіктерді, басқа да қолжетімді байланыс қызметтерін пайдалана отырып, қолданылатын жұмыс түрлері туралы ақпаратты білім алушыларға, олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) дер кезінде жеткізеді;

• сабак жоспарын және оқу материалдарын құрылымдауды уақтылы жүзеге асырады;

• онтайлы және әр түрлі жұмыс түрлерін (тесебақтар, интернет - платформалар арқылы, өзіндік жұмыс, чат-сабактар және т. б.), қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;

- үй тапсырмасы көлемінің нормаларына сәйкес тапсырмалар береді;

• білім алушының өзіндік жұмысын бақылауды жүзеге асырады, кері байланыс ұсынады;

• мұғалім мен оқушы үшін қолжетімді тәсілмен орындалған тапсырмаларды жинауды жүзеге асырады (электрондық журналдар мен күнделіктер, электрондық пошта, WhatsApp, Telegram, басқа мессенджерлер, ұялы немесе стационарлық телефон байланысы немесе мектеп қызметкерлері, әкімшілік белгілеген пошта байланысы операторлары арқылы – Интернет болмаған жағдайда және т. б.);

• білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жеке консультациялар өткізеді.

• «Дене шынықтыру», «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» пәндері бойынша қашықтықтан сабактар өткізіледі, ал мұғалімдер келесі жұмыстарды атқарады:

– білім алушылардың үйде орындауы үшін физикалық және саптық жаттығулар кешенін әзірлейді (дене шынықтыру, бастапқы әскери және технологиялық дайындық);

- бұйымдарды, макеттер және тағы да басқаларын жасау үшін нұсқаулықтар өзірлейді (Көркем еңбек, Графика және жобалау) ;
- жобалық қызмет бойынша кеңес беруді жүзеге асырады (Өзін-өзі тану, Көсіпкерлік және бизнес негіздері) ;
- тындау қажет музыкалық шығармалардың тізімін ұсынады, қажетті кеңестер береді (Музыка);
- қашықтықтан оқыту форматында тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.
- Жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыйныптарының педагогтары негізгі пәндер бойынша қашықтықтан оқыту сабактарын жүргізеді: сауат ашу, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, қоршаған ортамен танысу.
- «Өзін-өзі тану» пәні бойынша педагогтар сабактарды өткізу кезінде <http://school.ozin-ozi-tanu.kz/> сілтемесінде орналастырылған «Бебек» ҰФПББСО ұсыныстарын басшылыққа ала алады.
- «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицейлерінде қашықтықтан оқытууды жүргізу үшін EduPage білім беру платформасы пайдаланылатын болады.

## 22. Білім алушы:

- сыйнып жетекшісімен және пән мұғалімдерімен күнделікті байланыста болады;
- күн сайын оқулықтан оқу материалдарын өздігінен оқып, тапсырмаларды, соның ішінде қол жетімді байланыс құралдары арқылы орындайды;
- оқу материалын алу үшін, өздігінен оқу немесе орындау үшін электронды күнделіктегі жеке кабинетке (электронды күнделік, электрондық пошта, WhatsApp чаттары және т. б. интернет, байланыс болмаған жағдайда – педагог, мектеп әкімшілігінің анықтауы бойынша пошта байланысының операторы арқылы) кіреді (мүмкіндігінше);
- педагогтың талаптарына сәйкес орындалған тапсырмаларды педагогке қолжетімді байланыс құралдары арқылы жібереді (электрондық күнделік, электрондық пошта, WhatsApp чаттары және т. б. интернет, байланыс болмаған жағдайда – мектеп әкімшілігінің анықтауы бойынша пошта байланысының операторы арқылы);
- оқу тапсырмаларын орындау кезінде академиялық адалдық ережелерін және өзін-өзі бақылау қағидаларын сақтайды;
- қосымша цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады.

## 23. Білім алушылардың ата-аналары (занды өкілдері):

- оқу үшін білім алушыға жағдай жасайды;
- балалардың оқуын, білім алушылардың өзіндік тапсырмаларды орындауды бақылауды жүзеге асырады;
- сыйнып жетекшісімен және пән мұғалімдерімен байланыста болады.

## 24. Педагог-психолог:

- қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылар мен олардың ата-аналарын (занды өкілдерін) психологиялық қолдау бойынша ұсынымдар әзірлейді;
    - білім алушылармен, ата-аналармен (занды өкілдермен) жеке кенес өткізеді.

## 25. Сынып жетекшісі:

- ата-аналарды (занды өкілдерді) оқу процесі, білім алушыларға кері байланыс беру, оқу барысы және оқу нәтижелері, білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін жағдай жасау қажеттілігі туралы хабардар етеді;
  - электрондық журналдар мен күнделіктер жүйесінде, сондай-ақ Whatsapp, Telegram және т. б. арқылы білім алушылар және олардың ата-аналарымен чаттар, форумдар жасайды және пайдаланады;
  - білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (занды өкілдермен) күнделікті байланысты жүзеге асырады;
  - пән мұғалімдеріне, педагог-психологқа өз сыныбындағы оқушылардың байланыс мәліметтері бар (үйдегі телефон нөмірі, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта) тізімін береді.

## ■ Результаты согласования

07.04.2020 18:39:36: Кобенова Г. И. (Комитет по обеспечению качества в сфере образования и науки) - - согласовано без замечаний

07.04.2020 18:46:53: Байжанов Н. А. (Юридический Департамент) - -  
согласовано без замечаний

07.04.2020 19:56:04: Каринова Ш. Т. (Руководство) - - согласовано без замечаний